

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы жөніндегі есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы № 136 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы N 259 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 5 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6034 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық банк Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 75 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық банк Басқармасының 08.05.2015 № 75 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы

Е Т Е Д І :

1. Агенттік Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы жөніндегі есеп беру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 17 маусымдағы №136 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4301 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы жөніндегі есеп беру ережесінде:

1 - қ о с ы м ш а :

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 11-1-жолмен толықтырылсын:

«

11-1	Міндеттемелерді қайта құрылымдаудан алынған есептік жылдағы ағымдағы кірістер	
------	---	--

» ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 24-1, 24-2, 24-3-жолдармен

Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н :

«

24-1	Банктің шартты және ықтимал міндеттемелері	
24-2	Банктің шартты және ықтимал міндеттемелері бойынша провизиялар	
24-3	Активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша банкке ақша және тазартылған қымбат металл түрінде берілген қамтамасыз ету	

» ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 50-1, 50-2-жолдармен толықтырылсын:

«

50-1	«Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамының арнаулы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің жиынтық сомасы	
50-2	«Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамының арнаулы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің барынша жоғарғы сомасының коэффициенті	

» ;

2 - қ о с ы м ш а :

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 69-2-жолмен толықтырылсын:

«

69-2	«Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамының арнаулы қаржы компаниясы шығарған бағалы қағаздар		100	
------	---	--	-----	--

» ;

2 2 - қ о с ы м ш а д а :

реттік нөмірі 6-1-жолдың екінші бағанасы «бас банкі алдындағы» деген сөздерден кейін «бір жылға дейін өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен» деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-3-жолмен толықтырылсын:

«

6-3	Бір жылдан астам өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банкі алдындағы ұзақ мерзімді реттелген борыштық міндеттемелер	
-----	--	--

» ;

реттік нөмірі 18-жолдың екінші бағанасындағы «банкпен» деген сөз «Қазақстан Республикасының резиденттері еместен» деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 3 - қ о с ы м ш а д а :

реттік нөмірі 8406-жолдың екінші бағанасы «бас банкінің алдындағы» деген сөздерден кейін «бір жылға дейін өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен» деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 8416, 8417, 8418, 8419, 8420, 8421, 8422, 8423, 8424, 8425, 8426-жолдармен толықтырылсын:

«

--	--	--	--	--

8416	Банктің арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдарын және банкаралық салымдарды қоспағанда, Астана мен Алматы қалаларынан тыс тіркелген, жеке және заңды тұлғалардан қабылданған депозиттердің сомасы		ай сайын
8417	Банктің арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдарын және банкаралық салымдарды қоспағанда, өзге депозиттер		ай сайын
8418	Банкаралық кредиттерді және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда, Астана мен Алматы қалаларынан тыс тіркелген, банкпен аффилиирленбеген заемшыларға берілген кредиттердің сомасы		ай сайын
8419	Банкаралық кредиттерді және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда, өзге кредиттер		ай сайын
8420	Кастодиандық шарт талаптарымен Қазақстан Республикасының резиденттері емесінен алынған қаражаттың инвестицияланбаған қалдығы		ай сайын
8421	Кастодиандық шарт талаптарымен Қазақстан Республикасының резиденттерінен алынған қаражаттың инвестицияланбаған қалдығы		күн сайын
8422	Бір жылдан астам өтелгенге дейінгі қалған мерзімімен Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банкі алдындағы ұзақ мерзімді реттелген борыштық міндеттемелер		ай сайын
8423	Міндеттемелерді қайта құрылымдаудан алынған есептік жылдағы ағымдағы кірістер		ай сайын
8424	Активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша банкке ақша және тазартылған кымбат металл түрінде берілген қамтамасыз ету		ай сайын
8425	«Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамының арнаулы қаржы компаниясына берілген секьюритилендірілген кредиттердің жиынтық сомасы		ай сайын
8426	«Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамының арнаулы қаржы компаниясы шығарған бағалы қағаздар		ай сайын

»

2. Осы қаулының 2011 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының алтыншы, жетінші абзацтарын және жиырма бірінші абзацтың реттік нөмірі 8424-жолын қоспағанда, осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының қолданысы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қ а т ы н а с т а р ғ а т а р а л а д ы .

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) 2010 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде «Екінші деңгейдегі банктерден есептік-статистикалық ақпаратты жинау және өңдеу» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені жетілдіруді қамтамасыз етсін.

5. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова